



**ШЕШІМ**

**25.09.2024**

Астана қаласы

**РЕШЕНИЕ**

**223/27-VIII**

№

город Астана

**«Астана қаласында студенттік  
жатақханалар салу»  
мемлекеттік-жекешелік әріптестік  
жобасы бойынша мемлекеттік  
міндеттемелерді қабылдау туралы**

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 163-бабының 2-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына, «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығына сәйкес, Премьер-Министр орынбасарының бұйрығымен - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2024 жылғы 14 ақпандағы № 48 «Жергілікті атқарушы органдардың 2024-2026 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін бекіту туралы» және Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 4 шілдедегі № 507-2212 қаулысы, 2024 жылғы 21 маусымдағы № 13 Астана қаласы Бюджет комиссиясы отырысының хаттамасы негізінде, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Астана қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі атқарушы органға 2025-2030 жылдар аралығында «Астана қаласында студенттік жатақханалар салу» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша 8 414 402 316 (сегіз миллиард төрт жүз он төрт миллион төрт жүз екі мың үш жүз он алты) теңге сомасына мемлекеттік міндеттемелер осы шешімнің қосымшасына сәйкес жылдар бойынша бөліністе қабылдансын.

2. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес 2024 жылы «Астана қаласында студенттік жатақханалар құрылысы» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша құрылысты қоса қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін



«Астана қаласының Құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі атқарушы органға 2 313 426 335 (екі миллиард үш жүз он үш миллион төрт жүз жиырма алты мың үш жүз отыз бес) теңге сомасына мемлекеттік міндеттемелер қабылдансын.

3. Астана қаласының әкімдігі осы шешімнің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім қабылданған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Астана қаласы  
мәслихатының төрағасы**



**Е. Каналимов**

Астана қаласы Мәслихатының  
2024 жылғы 25 қыркүйектегі  
№ 223/27-VIII шешіміне  
қосымша

«Астана қаласында студенттік жатақханалар салу» МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді төлеу көлемі

№	Атауы	Мың. теңге								
		2024	2025	2026	2027	2028	2029	2030	Барлығы	
1	Бірілесіп қаржыландыру	2 313 426,335								2 313 426,335
2	Инвестициялық шығындарды өтеу		75 153,108	225 459,324	225 459,324	225 459,324	225 459,324	150 306,216	1 127 296,620	
3	Қол жетімділік ақысы		444 260,460	1 377 557,112	1 436 842,644	1 473 768,768	1 514 256,336	1 040 420,376	7 287 105,696	
	<b>Барлығы</b>	<b>2 313 426,335</b>	<b>519 413,568</b>	<b>1 603 016,436</b>	<b>1 662 301,968</b>	<b>1 699 228,092</b>	<b>1 739 715,660</b>	<b>1 190 726,592</b>	<b>10 727 828,651</b>	